

АБЫЛАЙ ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ

Жақсылық Ұ., Фархатова М.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

dana61725@gmail.com, farkhatovamalika@gmail.com

Қарағанды қ.

Абылай хан - қазақ халқының тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі, елінің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау жолында күрескен, дана саясаткер әрі батыр қолбасшы екендігі белгілі. Оның есімі қазақ мемлекеттілігінің алтын дәуірімен тығыз байланысты. Абылай ханның кемеңгерлігі, батылдығы және шешендігі қазақ халқының тарихында мәңгілік із қалдырды. Абылай хан (1711-1781) - Орта жүз қазақтарының ханы. Шын аты Әбілмансұр. Абылай орыс жылнамаларында Сібір ханзадасы деп аталады. Абылайдың шығу тегіне келер болсақ, ол Шыңғысханнан бастау алады, яғни ол төре әулетінен шыққан. Ол қазақ хандарының ішінде атақты Жәңгір ханның ұрпағы. Ал Жәңгір ханның ұлы Уәлибақы сұлтан Абылайдың атасы болып табылады. Уәлибақы сұлтан Жәңгірдің үлкен ұлы болғанымен, таққа Жәңгірдің екінші ұлы Тәуке хан отырды. Абылай халыққа өзінің қаһармандығымен, қатігездігімен және қанішерлігімен мәлім болған. Алайда ұлы Уәлибақы атасы жеткен атақ даңқты ұстап тұра алмай, Түркістанды басып алған көрші билеушілерінің бірінің қолынан қаза табады. Ал Абылай сенімді қызметшілерінің бірінің арқасында аман есен қалады. Он үш жасар Абылай туыстарынан жылы пана таба алмаған соң қырға кетіп, Жақсылық руының бір байына малшы болғаны көрініс табады. Ол Төле бидің түйесін бағып, кейінірек Дәулеткерейдің қойшысы болады. Оның сыртқы бейнесі өте жұпыны, жүдеген кейіпте болған. Сол себепті оны Сабалақ деп атап кеткен. Соған қарамастан, замандастарының айтуы бойынша, Абылай әрдайым өзінің тектілігін көрсетіп, өзін лайықты ұстаған. Жалғыздықты жақсы көрген деседі. Және оларды таңғалдырған жайт - Абылай ханның ешқашан жалаң жерге отырмағаны, ортақ табақтан ас ішпегені мен ешқашан лас ыдыстан тамақ ішпегені. Бұл ерекшеліктерін байқаған қожайыны оған табынындағы ең асыл сәйгүлік, отты құйрықты Шалқұйрықты сыйға тартады. Ал арада бір жыл өткен соң Абылай жауынгер боламын деп шешім қабылдайды.

1723 жылы тұтқиылдан жоңғарлардың қолбасшысы Қалдан Серен қалың қолымен келіп, қазақ тарихындағы ең ауыр оқиғалардың бірі - Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама деп аталатын алпауыт трагедияны қазақ халқы бастан кешіреді. Осындай ауыр кезеңдердің бірінде халықтың назары Абылайға ауады. Себебі Абылай қандай жорық болмасын, бірінші қатардағы жауынгер болып жауға қарсы шауып, сол жорықтарда есепсіз ерлігімен айрықша көзге түскен болатын. [1, 7 б].

Ол екі рет тұтқынға түскен мәлім. Бірі - қырғыздардың қолына, екіншісі - жоңғарлардың торына түсуі. Оның үстіне, Абылайдың жоңғарлардың қолына түсіп, солардың қолынан өздігімен шығуы және Қалдан Сереннің сүйікті ұлы Шарышпен жекпе-жекке шығып, оны жеңуі Абылайға үлкен атақ береді. 1739 жылы атағы асқақтап тұрған Абылай хан Орта жүздің ханы болып сайланады. Қазақ істерімен жақсы таныс Тевкелеев Абылай хан туралы қазақ сұлтандарының ішіндегі ең айлакері әрі ықпалдысы деген пікір қалдырғанын аңғарамыз.

Абылай ханның сыртқы саясаты қазақ мемлекеттілігін сақтап қалу және нығайту үшін күрделі әрі стратегиялық түрде жүзеге асырғандығы мәлім. Ол XVIII ғасырда Қазақ хандығының басшысы ретінде Ресей мен Қытай сияқты мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынас жүргізе білді. Ал, Ресей мен Қытай сияқты мемлекеттермен қатынастарының Орта Азия мемлекеттерімен болған қатынастарында едәуір айырмашылықтың болғандығын аңғарамыз. Отаршыл империялардың күш-қуатын өте жақсы ұғынған Абылай, Ресей империясымен қарым-қатынас орнатты. Ол өзінің Ресейдің қол астына кіргендей кейіп танытып, осылайша елінің бірлігін сақтап қалуды мақсат еткендігі аян. Келісім-шартта ол өзінің кез келген жағдайда Ресей империясынан көмек ала алуы керектігін көрсетіп кетті. Мысалы, 1772 жылы ол Ресейден өзінің сыртқы және ішкі жауларына қарсы күресу үшін әскер сұрайды. Дегенмен оған күмәнді Ресей көп жағдайда әскер беруден бас тартты. Ресейдің өкімет орындары Абылай ханды өзінің ықпал өрісінде ұстауға ұмтылды, сондықтан да 1777 жылы хан жазбаша өтініш жасаған жағдайда оның хан атағын тануға әзір екенін ресми түрде хабарлады. 1778 жылы II Екатерина оны хан деп, және тек қана орта жүздің ханы деп бекіту туралы грамотаға қол қояды. Бұған ызаланған Абылай Орынборда, Троицкіде тіпті Петропавлда ант беруден бас тартады. Ханға ықпалын мүлдем жоғалтудан қорқып, Ресейдің өкімет орындары 1779 жылы оған 300 сом және 200 пұт ұн мөлшерінде жыл сайынғы жалақы тағайындады, бірақ 70-жылдардың аяғына қарай Абылай Ресеймен қандай да байланысы болсын бәрін мүлдем үзді. Қытай империясы да Абылай ханның сыртқы саясатында маңызды орын алды. 1759 жылы ол ұлы Әділмен бірге Пекинге барып, Цин империясының вассалы ретінде танылды. Алайда бұл қатынас формалды болды, себебі хан халықты толық бағындыруға жол бермей, тек алым-салық төлеумен және шекараларды қорғаумен шектелді. Бұл дипломатия қазақ жерінің саяси тәуелсіздігін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Қытай мен Ресей арасындағы жанжалдарды ұтымды пайдалана білді. Екі жақты келісімдер мен дипломатиялық байланыстар арқасында хан өз беделін күшейтіп, елдің шекараларын бекітті. Абылай ханның осы «айдаһарлармен ойыны» оның көрегендігін, шеберлігін және қазақ халқын қорғауға деген адалдығын көрсетті. Оның саясаты ішкі бірлік пен сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, Қазақ хандығын

тәуелсіздік жолында ұзақ уақыт бойы сақтауға мүмкіндік берді. Абылай өзгерген сыртқы саяси жағдайдан аман қалу үшін Қазақ хандығының саяси жүйесін көбірек орталықтану жағына қарай өзгерту қажет екенін өте жақсы түсінді. Бұған жету үшін хан бірнеше бағытта әрекет етті. Біріншіден, Абылай билікті орталықтандыруды нығайтуға ұмтылды. XVIII ғасырдың ширегінде әрбір ру бірлестігі іс жүзінде автономиялы болды және оларды өздерінің билері, ру басылары басқарды. Орталық билікті күшейту үшін Абылай қолданған шаралардың екінші кешені – бір тұлғаның қызметіне және оның тұлға ретіндегі қасиеттеріне сүйену. Мәселен, дағдылы құқықтың дәстүрлі түсініктеріне қарамастан, Абылай хан қылмыскерлерді өлім жазасына кесуге үкім шығару құқығын өзі алды. Бұл міндет бұрын билер қазылығында ғана болатын. Билер кеңесі мен ру басыларының, ақсақалдар съезінің құқықтары едәуір шектелді. Алайда дағдылы құқықтың дәстүрлі болуы және басқарудың нақты тұтқаларындағы кемшілік Абылайға хандықтың саяси жүйесіне реформаны ақырына дейін жүргізуге мүмкіндік бермеді. Оның үстіне бүкіл басқару жүйесін соғыстар қиратып кетті деуге болатын еді. Федерализм элементтері рулық басқару принциптерімен тығыз ұштасып жатты, хан билігін бұрынғысынша билер мен сұлтандар едәуір дәрежеде шектеп отырды. Мемлекеттік машинаның орнықтылығы түгелдей және толығымен ханның өз беделіне, оның күрделі саяси проблемаларды шешу кезінде ымыраластық таба білуіне байланысты болды. Абылайдың бүкіл ішкі саяси қызметі бір орталықтан басқарылатын тәуелсіз мемлекет құруға бағытталғаны айқын еді. Ол шексіз билікке ие болды, оны халық қолдады. Ол қазақтардың егіншілікпен, шөп шабумен және балық аулаумен айналысуына қолдау көрсетті. Хан қазақ даласындағы керуен саудасын күшейтуге барынша көңіл бөлді. Ол қазақ даласында темір ұстаханаларын салудың бастамашысы болды. Абылай хан ақын-жыраулар, әнші-күйшілер мен діни қайраткерлерге қамқорлық жасап отырды. Абылайдың сыртқы саяси қызметі Қазақстан аумағының ешкім қол сұға алмайтын тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталды. [2,254-255 б].

1732 жылы жоңғарлардың 7 мыңнан астам әскері Орта жүздің шығыстағы ауылдарына шабуыл жасап, тегеурінді тойтарысқа тап болады. Абылайдың жиырма жасы 1733 жылға сәйкес келсе, дәл сол жылы қазақ пен қалмақ арасында үлкен майдан болғаны қытай деректерінде атап көрсетілген. Ол соғысқа Абылайдың қанды көйлек жолдастары: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай және тағы басқа қазақтың белгілі батырларының қатынаскандығы, олардың ел тәуелсіздігі жолындағы ерліктері ұрпақтан-ұрпаққа жеткендігі белгілі.

1752 жылы Абылай бастаған қазақ әскері шамасы 15-20 мың адамдай ойрат қолының шабуылына тойтарыс берді. Ал 1753 жылы желтоқсанда 5 мың жауынгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 жылы сәуірде Абылай бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, сол жылдың шілде - тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға түсірді. Осы шайқастарға қазақтың танымал батырлары да қатысты. 1757 жылы Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасқаннан кейін қытайлар Абылайдан бітім сұрады. 1754-1755 және 1764 жылдары қырғыздар Жетісуда біраз ауылдарда шауып, Жауғаш, Көкжал Барақ және Шынқожа батырлар бастаған әскерлерді Ақсу, Көксу және Шу бойында талқандайды. Содан Абылай 1755-1765 жылдары Қырғыз ұлысына жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қазақ пен қырғыздардың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын анықтайды. Ал өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізді. 1765-1767 жылдары Абылай қолының Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қалалары қайтадан қазақтардың иелігіне өтті.

Жыраулар поэзиясында Абылай ханның тұлғасы ерекше көрініс тапқан. Абылайдың әділдігі мен батылдығы, әсіресе жыраулардың сөздері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Тәтіғара жырау, Үмбетей жырау, Шоқан Уәлихановтың аудармалары осы бейнені сақтап қалуға септігін тигізді. Тәтіғараның «Қамыстың басы майда, түбі сайда», «Кебеже қарын, кең құрсақ» толғауларында Абылай ханның соғыс алаңындағы айбынды бейнесі көрінеді. Бұл жырлар қазақ батырларының бірлігі мен ерлігін насихаттап, ұрпаққа үлгі болып келеді. Үмбетей жырау Бөгембай батырдың өлімін Абылай ханға естіртуге арналған жырында батырлардың ерлігі мен халық алдындағы қызметін мадақтайды. Сонымен қатар, бұл жыр Абылайдың өзі де жаужүрек қолбасшы екенін, XVIII ғасырдағы қазақ батырларының бірлігі мен батылдығын көрсетеді. Үмбетей жыраудың тағы бір шығармасы қазақтар мен қырғыздар арасындағы қақтығыстарды баяндайды. Шоқан Уәлихановтың зерттеулеріне сүйенсек, Абылай ханның қырғыздарға жасаған жорықтары екі елдің де тарихында маңызды орын алған. «Жайыл қырғыны» деп аталған ірі қақтығыс 1770 жылы болды. Абылай ханның мәдениет және руханият саласындағы қызметі қазақ халқының ұлттық рухын көтеруде айрықша маңызды болды. Оның тұсында қазақтың ақын-жыраулары мен шешендері халық арасында рухани жетекшілік рөлін атқарып, елдіктің, бірліктің және батырлықты құндылықтарын дәріптей алды.

Ақын –жыраулардың рөлі-Абылай ханның кеңесінде Бұқар жырау, Үмбетей жырау сияқты дана тұлғалар қызмет етті. Бұқар жырау ханның жақын кеңесшісі ретінде оның ішкі және сыртқы саясатына ықпал етіп қана қоймай, жырларымен халықты бірлікке шақырды. Оның шығармалары елдің рухын көтеріп, ұлттық сананың қалыптасуына әсер етті. Бұқар жыраудың «Абылай хан, сен он бір жасыңда...» деп басталағын жырлары Абылайдың батырлығы мен көргендігін көрсетіп, оны халық арасында ұлы тұлға ретінде танытты. Үмбетей жырау да Абылай ханның саясатын қолдап, оның батырлық істерін жырлады. Жыраулардың поэзиясы халықтың санасында Абылайдың бейнесін батыл әрі әділ хан ретінде қалыптастырды. Бұл халықтың өз басшысына деген сенімін арттырып, рухын нығайтты.

Ұлт рухының көтерілуі-Абылай ханның жыраулар мен шешендерге қолдау көрсетуі арқылы қазақ қоғамында рухани тәрбие нығайтқандығы аян. Жыраулар мен билердің сөздері халықтың жүрегіне патриоттық сезімді оятып, елдің бірлігін сақтау мен қорғауға шақырды және үндеді. Бұл рухани көтеріңкілік қазақтардың жоңғарлармен және басқа сыртқы қауіптермен күресте жеңіске жетуіне ықпал ететіндігі мәлім.

Абылай хан елге белгілі хан болғандықтан, оған жаулық ойлаған дұшпандары да аз болмады. Солардың бірі -Абылай ханның Қытайлармен соғысы кезінде ажал құшағынан аман қалған оқиға еді. Күнделікті Қытаймен жорықтан оралған соң, Абылайдың басындағы қалпағын садақтың оғы қағып түсіреді. Жерде жатқан қалпаққа көзі түскен Абылай, оның ішіндегі хатты байқап, мергеннің дәлдігіне таң қалады. Хатта: “Бүгін сізге қастандық жасалады, және бұл сіздің күзетшілеріңіздің бірі арқылы жүзеге асады,” -деп жазылған еді. Кешке жақын Абылай алаңдаулы күйде ұйқыға бас қояды, бірақ түн ортасында аяғынан оянып кетеді. Сол түні күзетшілердің бірінен жасалған қастандық әрекеті сәтсіздікке ұшырайды. Абылайдың адал құлы -бура және саңырау, мылқау қызметші -бұл қастандықты болдырмауға өз үлесін қосады. Ол жанындағы бурамен бірге Абылайға жасырын түрде шабуыл жасамақ болған қастандықты, сол сәтте күзетшілердің бірін жаншып, алдын алады. Кейіннен белгілі болғандай, бұл қастандықты ұйымдастырған адам өзін “Қарасеректен келген адаммын” деп таныстырып, Абылайдың сеніміне кіріп, ханына зиян келтіруді мақсат еткен екен. Батырлардың бірі Баянауылда қайтыс болғанда, Абылай хан халықты жинап, құран оқытып, оның қазасын Түркістанда өткерді. Сол күннен бастап Абылай ханның денсаулығы сыр бере бастады: айына, кейде жылына бір келіп, жүрегі ауыртатын сырқат пайда болды. Бірақ кейінгі үш айдан бері хан бұл сырқаттан жазылмай, есін жиюдан талықсуы көбейіп кетті. Бүгін де сондай әлсіз күйде, жанында отырған Бұқар жыраумен қоштасып, ішіндегі армандарын айтуға тырысты. Абылай хан есін жиған сәтінде ақырын көзін ашып, Бұқар жырауға былай деді:

-Құдайдан жалғыз ғана тілегім бар еді, Бұқар аға, мені қан майданда жүргенімде алса ғой деп армандап едім... Міне, елу жыл оқ дарымай аман келіп, ақырында бір сырқаттан ажал таппақпын.

Бұқар жырау оны “Өлмейсің” деп жұбатқан жоқ. Абылайдың сөніп бара жатқан көздеріне қарап, ең болмаса сөйлесіп қалайын дегендей, оның төсегіне жақынырақ отырды.

-Иә, Абылай, -деді ол, -елу жылдан астам ат үстінде жүрдің. Батыр да атандың, хан тағына да жеттің. Бірақ соның бәрінен не қалды?

Абылай сәл күлімсіреп:

-Рас айтасың, хан тағына жету үшін ұзақ әрі бұралаң жол бастым, бірақ сол хан тағы маған не үшін керек еді? Мен қазақ елін әділеттілікке жеткізуді ойлағам... Бірақ соңында халық менің қиянаттарымды кешіреп деп сенгем...

-Бірақ сенің қолыңнан ондай әділетті хан болу келмеді ғой, -деді Бұқар.

Абылай бұған жауап ретінде:

-Хан бар жерде қиянат болмай қоймайды екен. Бірақ мен сол қиянатты да, озбырлықты да халқымды біріктіру үшін жұмсадым, елдің бірлігін күшпен сақтамақ болдым, -деді.

Бұқар үнсіз отырды да, бір кезде:

-Иә, Абылай, сен қанды көз қара бүркіт едің. Еліңді әдемі әнмен басқармадың, бірақ заман өзі мұндай басқаруды көтермес те еді, -деп Абылайдың арық саусақтарын сипады.

-Ал енді бұл жалғаннан өтіп барасың, артында қалған ұрпағыңа айтар кеңесің бар ма?

Абылай Бұқарға көз қиығын салып, өз өсиетін жеткізді:

-Қазақ аз ел ғой, азып-тозып кетпес үшін ұрпағым елдің бірлігін сақтасын. Екінші айтарым: жетпіске келсем де шығыс жағымнан келген жауға бір тұтам жер бергем жоқ. Бірақ батыстан келе жатқан орысқа қарсы тұрмадым, қала салуына мүмкіндік бердім. Онымен найзаның емес, сөздің күшімен тіл табуға тырыссын. Ақ патша тірі болғанда, ұрпағым ел билеу үстемдігінен айырылмас.

Бұқар жырау Абылайдың осы өсиеттерін тыңдады, содан кейін Абылайдан соңғы рет қандай өкініші бар екенін сұрады. Абылай сәл үнсіз қалып, күрсінді де:

-Өкінішім -үш жүздің басын қоса алмадым, -деді.

-Қазаққа мал емшегін еміздім, бірақ жердің емшегін емізе алмадым.

Найза ұстаған сорлы қазақ жерге еңбек етіп үйрене алмады. Жер деген алтын қазына ғой... Ал мен сол жерді қорғап жүргенде, өмірімнің қалай өтіп кеткенін байқамаппын.

Көзін жұмған Абылай хан соңғы рет күрсініп, Бұқар жырауға қарай бұрылды:

-Бұқар, осы менің құдай алдында күнәм көп пе? О дүниеге барғанда мені күнәкар деп жазғыра ма?

Елін әділеттілікке жеткізуге ұмтылған, бірақ өз мақсаттарын әрдайым орындай алмаған хан өмірінің соңғы сәтінде осындай өкініште кетті. Бұқар жырау даңқты Абылайды Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерлегеннен кейін, қазақ даласына қайтып оралып, артында даңқты есімі қалған Абылай ханның рухына тағзым етіп, елмен бірге қайғыға багты.[3,332-336 б].

Ұлы даланың кеменгер перзенті, өзінің есімін еліміздің тарихында алтын әріппен қалдырған Абылай хан ел бірлігі жолында, халқымыздың тұтастығы жолында өшпес еңбек еткендігі белгілі. Бүгінгі таңда баршамыздың басты міндетіміз-ұлы тұлғаларды дәріптеу және өскелең ұрпаққа жеткізу болып табылады!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұматаев Б.К, Нұрпейісов К.Ә, Жандыбаев Ғ. Абылай хан.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы,2013.-652 б.
2. Қасымбеков Ж.Абылай хан:Тарих,тұлға,уақыт. - Алматы:“Аруна” баспасы,2007.-92 б.
3. Есенберлин І. Көшпенділер-Жанталас.-Алматы,2012. – 380б.

ЕСІМ ХАН МЕН ТҰРСЫН ХАН АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ДАҒДАРЫСТЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Жаңбыр А.

Ғылыми жетекшісі: Смағұлов Н.Б., PhD докторы, профессор ассистенті
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
aknur_2006@list.ru
Қарағанды қаласы

Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы күрес XVII ғасырдағы Қазақ хандығының саяси өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі болып саналады. Екі хан арасындағы күрес Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы мен ішкі саяси жағдайын, мемлекеттің даму бағытын айқындауға көмектеседі. Есім хан мен Тұрсын хан арасында басталған қақтығыс, тек қана екі хан арасындағы қақтығыс емес, сонымен қатар қазақ қоғамының әлсіреуі мен тұрақсыздығын, қазақ хандығының ішінара бөлінгендігін көрсетеді. Саяси тұрғыдан алып қарағанда, бұл кезеңде хандық билікті иелену мәселесі өзекті болды. Есім ханның билікке келуі мен оның Тұрсын хан арасындағы күрес қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатындағы маңызды өзгерістерге алып келді. Әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда, бұл кезеңдегі күрес қазақ қоғамының әртүрлі топтары арасындағы наразылық тудырып, халық арасында әлеуметтік толқулар орын ала бастады. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы күрес қазақ қоғамында биліктің маңыздылығын көрсетті. Сонымен қатар, әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың қазақ қоғамына әсерін көрсететін тарихи оқиға болып табылады.

Зерттеу жұмысының деректер қоры мен тарихнамасы Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарысы туралы деректердің маңыздысы Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресі»[1] еңбегі болып саналады. Оның еңбегінде қазақтың дәстүрлі жылнамаларында, Тұрсын ханның әрекеттері мен Есім ханның билікке келуі туралы жазбалар кездеседі. Бұл жылнамалар қазақтардың саяси тарихын қамтып, сол кездің ішкі саяси өмірін көрсетеді. Келесі дерек бізде Махмұд ибн Уәли «Бахр әл-асрарда» [2] Тұрсын ханның қаза болуын егжей-тегжейлі суреттейді, сонымен қатар сол кездегі қазақ сұлтандарының талас-тартысы туралы да жазып қалдырған. «Ламахат мин нафакат әл-кудсте» [3] Тұрсын ханның қаза болуын басқаша суреттейді. Бұл шығармада Тұрсын ханның Орта Азиялық шейхтардың Сырдариядағы мүриттерден табыс алуына кедергі жасап, сол себепті Хазірет Азизаның қарғысына ұшырағаны және сол үшін кейін өмірден өткені туралы қызықты деректер бар.

Зерттеудің нысаны Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарыстың саяси және әлеуметтік мәселелерін зерттеу.

Теориялық әдіснамалық негізі Зерттеудің негізгі әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы әдісті, анализ, жинақтау, қорыту әдістері қолданылды. Тарихи детерменизм әдісі арқылы Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарысты зерттеу барысында, олардың саяси қақтығыстары мен әлеуметтік процестерінің дамуын тарихи жағдайларға байланысты түсіндіруге тырыстық және екі хан арасындағы билік үшін күресті саяси мақсаттар мен билік құрылымдарының арасындағы көріністі көрсетуге тырыстық. Есім хан мен Тұрсын хан арасындағы дағдарыстың саяси және әлеуметтік жақтарын бүгінгі күнгі көқарас тұрғысынан баға беруге тырыстық.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері XVI ғасыр аяғымен XVII ғасыр басындағы Есім ханның билік еткен жылдары.

Негізгі бөлім XVI ғасыр соңымен XVII ғасыр басындағы кез Қазақстан тарихындағы ерекше кезең, қазақ хандығының нығаюы, көрші елдермен және халықтармен белсенді әскери-саяси, сауда және мәдени байланыстары дамыған кезең. Бұл кезде қазақтардың билігі Ташкент, Түркістан, Сауран, Әндіжанға дейін таралды, олар үшін қазақ билеушілері мен аштархандықтар арасында үздіксіз соғыстар болды. Шайбани ұрпақтарынан кейін (1500-1598 жж.) бір жарым ғасырдан астам (1598-1743 жж.) Мауараннахрды билеген Аштарханилерге Орта Азиялық авторлардың бірқатар еңбектері арналған, олар: Сухайлдың «Имамкули ханнаме», Мұхаммед Талибтің «Матлаб ат-талибин» деген еңбектері және тағы басқалары. Бұл еңбектерде Имамкули хан тұсындағы қазақтардың Аштарханилердің саяси қатысуы маңызды орын алады. Имамкули ханның билік құрған кезеңі қиыншылыққа толы кез болды. [4, 425 б].

XVII ғасырдың бірінші жартысында Қазақ сұлтандарының ішінде Есім (1598 жылы Тәуекелден кейін ресми түрде хан атағын алған, Түркістанда билік құрған), Тұрсын, Абылай, Ханзаде сұлтандары бастаған бірнеше топтар өзара бақталас болды. Қазақ билеушілері мен Аштарханилер арасындағы XVII ғасырдағы саяси оқиғалар өзара қатынастарының тұрақсыз дамуына себепші болды, олардың арасындағы қақтығыстар уақытша одақтармен алмасып отырды. Мысалы, 1611 жылы Түркістан мен Ташкенттен келген 5 мың қазақты бастаған